

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

22.12.2022 ж.

Қатысқандар: АК төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Қ.Ниязов – «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ директоры;
3. А.Кожаметова – 6В05146-Биология ББ студенті.

Шақырылғандар:

1. Э.Ибрагимова – 6В05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.
2. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау.
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрайымы Абдраимова Қ.Т. сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау жұмыстары қарастырылды.

Бірінші мәселе бойынша сөз қозғады. Факультетте ұйымдастырылған семинарда университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесі қарастырылды. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды. ББ әзірлеу 4 кезеңнен тұрады: 1) ББ әзірлеуге дайындық; 2) ББ жобалау; 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу; 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау. Осы кезеңдерде атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Ибрагимова:

Екінші мәселе бойынша сөз алып, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау бойынша түсіндірме берді.

ОН жобалау кезінде ББ түлектердің келесі негізгі құзыреттерін қалыптастыруын ескеру қажет: 1) мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттері (өзін-өзі оқыту және жүйелі ойлау; трансдисциплинарлық (пәнаралық) және кроссфункционалдылық; акт-және тілдік құзыреттер; технологиялық сауаттылық; креативтілік; тапқырлық; әлеуметтік интеллект, команда мүшелерімен ынтымақтастық; клиентке бағдарлану, тұтынушының сұрау

салуларымен жұмыс істей білу; жоғары белгісіздік және міндеттер шарттарының жылдам өзгеруі режиміндегі жұмыс (тез шешім қабылдай білу, жұмыс жағдайларының өзгеруіне ден қоя білу, қорларды бөле білу және өз уақытын басқара білу) - soft skills). 2) әрбір маманға кез келген жағдайда нақты әрекет етуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар (hard skills). ОН келесідей тұжырымдалады: 1) Осы бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін «білім алушы» сөзінен басталады.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері – Ж.А.Глеубергенова:

Үшінші мәселе бойынша ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау сұрақтары қарастырылды. Бағдарламаның атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі керек, қысқа, нақты, тартымды және мазмұнды болуы керек. ББ атауы Сыныптауышқа сәйкес дайындау бағытына сәйкес келуі тиіс. ББ мақсаты мүмкіндігінше қысқа (1-3 сөйлемде), білім алушылар алатын құзыреттіліктерді нақты және анық жинақтау керек. Бұдан әрі ББ мазмұны бағдарламаның модульдерін/оқу пәндерін айқындау арқылы жобаланады. ББ кәсіби функциялар мән-мәтінінде әзірленеді және мазмұны модульдер бойынша оқытудың мақсаттарына, құзыреттері мен нәтижелеріне байланысты болатын оқу пәндерінің тізбесінен тұрады. Пәннің сипаттамасы 50-60 сөзден тұруы, оның қысқаша мазмұнын және белсенді оқытудың қолданылатын әдістерін ашуы тиіс. Кәсіби стандарт негізінде әзірленген ББ-да негізгі еңбек функциялары құзыреттілікке және оқыту нәтижелеріне негізделеді.

АК мүшесі, аға оқытушы Г.Абишова:

Жалпы желтоқсан айында жүргізілген іс-шаралар оң нәтижелер беретініне сенімін білдірді. ББ құрастырушылар жұмыс берушілердің сараптамалық тұжырымдамасы, сауалнама, ұсыныс хатын іске асыру жұмыстары жүргізілу керектігін еске салды..

Шешім:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына ұйымдастырылған семинарда қарастырылған «БББ әзірлеу және жаңарту ережесі» қолға алынсын.
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалансын.
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталсын.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:

ЖК
Абишова

Қ.Т.Абдраимова

Г.У.Абишова